

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 35-апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
 Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы
 Балалардың жасы: 3,4.
 Жоспардың құрылу кезеңі 28.04.-02.05.2025ж.

Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е., Калиакпарова.Б.Р.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.04.2025	Сейсенбі 29.04.2025	Сәрсенбі 30.04.2025	Бейсенбі 01.05.2025	Жұма 02.05.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары,көктемгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Шаттық шеңбер. (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.) Ортақ жұтар ауамыз, Ортақ жарық күніміз. Достық туған анамыз, Жердің қызы, ұлымыз. Әңгімелесу: 1 Мамыр - бірлік, ынтымақ күні!(танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу) Міндеті:Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Сөздік қоры: достық,бірлік,ынтымақ. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Достығымыз жарасқан, Ақпыз, қара, сарымыз. Қара жер мен көк аспан,</p>				

	<p>Ортақ дала тауымыз. Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында . Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	№ 35 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	<p>Д/о: «Кім (не) ұшады?» Міндеті: жануарлар, жәндіктер, құстар туралы білімдерін бекіту, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. (шығармашылық, танымды іс-әрекет)</p>	<p>Сюжетті-рөлдік «Дүкен» ойыны. Міндеті: балаларды заттарды ортақ белгілері бойынша жіктеуге үйрету. (коммуникативтік ойын әрекеті)</p>	<p>«Қандай өсімдік екенін тап» ойыны. Міндеті: затты сипаттауға және оны сипаттамасынан білуге үйрету, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. (коммуникативтік ойын әрекеті)</p>		<p>Саусақ ойыны «Аралар» Міндеті: саусақ бұлшық еттерін жетілдіріп, сөздік қорын дамыту (танымдық, ойын әрекеті)</p>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті 3 жас «Сөз ойла, тез ойла» ойыны. Міндеті: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Сөздік қоры: торғай</p>	<p>Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Тату доспыз бәріміз» ойыны. 3 жас</p>	<p>Математика негіздері Д/ойын: «Қатардағы таяқшалар» 3 жас Міндеті: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең. Сөздік қоры: биік-аласа, бірдей, тең. 4 жас Міндеті: Бірнеше</p>		<p>Музыка «Гүлдер бағы» ойыны. 3 жас Міндеті: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың</p>

<p>4 жас Міндеті: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қоры: аққу-қаз</p> <p>Математика негіздері «Қашшықтан неше ойыншық алдың?» ойыны. 3 жас Міндеті: «Тең бе?» Сөздік қоры: бір,екі,үш</p> <p>4 жас Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Сөздік қоры: бір,екі, үш,төрт,бес.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру. «Көп ұлтты Қазақстан» ойыны. 3 жас</p>	<p>Міндеті: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Сөздік қоры: достық.</p> <p>4 жас Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөздік қоры: достық,бірлік.</p> <p>Математика негіздері «Сипаттамасы бойынша тап» ойыны. 3 жас Міндеті: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең. Сөздік қоры: биік-аласа, бірдей, тең.</p> <p>4 жас Міндеті: Заттар</p>	<p>затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Сөздік қоры: ұзын-қысқа, кең-тар, жоғары-төмен.</p> <p>Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Айналамыздағы дыбыстар» ойыны. 3 жас Міндеті: дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қоры: жапырақ сылдыры,судың дыбысы.</p> <p>4 жас Міндеті: Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қоры: жапырақ сылдыры,судың</p>	<p>қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Сөздік қоры: ақырын-қатты</p> <p>4 жас Міндеті: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. Сөздік қоры: ақырын, қатты,баяу, жылдам</p> <p>Математика негіздері «Күннің бөліктері» ойыны. 3 жас Міндеті: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p> <p>Сөздік қоры: біреу,екеу,үшеу.</p> <p>4 жас Міндеті: 5-ке дейін</p>
---	--	---	---

	<p>Міндеті: Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Сөздік қоры: достық</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Отанымыз– Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Сөздік қоры: достық, бірлік.</p> <p>«Жеке қауіпсіздік» ережесі: «Көшедегі бейтаныс адамдардың ұсыныстарына қалай жауап беруге болады?»</p> <p>Міндеті: Балаларға көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру.</p>	<p>шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Сөздік қоры: ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа</p>	<p>дыбысы.</p> <p>Қазақ тілі Ойын: «Үлкен сандық-кішкентай сандық»</p> <p>3 жас</p> <p>Міндеті: Сын есімді үйрету. Сөздік қоры: үлкен, кішкентай.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сөздік қоры: үлкен, кішкентай.</p>		<p>реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет: «Емхана» ойыны.</p> <p>3 жас</p> <p>Міндеті: Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Сөздік қоры: емхана, дәрігер.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p>
--	---	---	---	--	---

					Сөздік қоры: емхана, дәрігер.
Серуенге дайындық №1	Серуен №35. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)				
Серуен №1	<p>Кешен №35 Бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, бақылау зерттеу іс-әрекеті) Міндеті: Аспандағы бұлттардың қандай түсте екенін сұрау. Еңбек әрекеті: Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Міндеті: Айналаның ластануына жол бермеуін қадағалау. Қ/ойын: «Кеглиді көздеп құлат» Міндеті: Допты дұрыс қолдануға дағдыландыру.</p>	<p>Кешен №35 Күннің көзін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, бақылау зерттеу іс-әрекеті) Міндеті: Күннің көзінің жылуы, адамдарға, өсімдіктерге өте керек екенін түсіндіру. Еңбек әрекеті: Қағаз қалдықтарын жинау. Міндеті: Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Қ/ойын: «Аспандағы аю» Міндеті: Жануардың қимылын салып жүруге дағдыландыру.</p>	<p>Кешен №35 Желді бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, бақылау зерттеу іс-әрекеті) Міндеті: балаларға желдің бағытын анықтауға бағыт бағдар беру. Еңбек әрекеті: Бұтақ қалдықтарын жинау. Міндеті: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қ/ойын: «Өткеншек» Міндеті: Тез қимыл жасауға үйрету.</p>		<p>Кешен №35 Гүлдейтін ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, бақылау зерттеу іс-әрекеті) Міндеті: Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Еңбек әрекеті: Ағаш түбіндегі қоқыстарды жинау. Міндеті: Балаларды еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмек көрсетуге баулу. Қ/ойын: «Жел мен бұлттар» Міндеті: Балаларды жылдамдыққа шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Түскі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 35 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Қызыл – жасыл гүлі бар, Жұмсақтығы мамықтай. Сүртінесің жалықпай, Тазалықтың досы Сүлгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар).			
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуаңыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!			
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Құмыра» 3 жас Міндеті: Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Сөздік қоры: құмыра 4 жас Міндеті: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p>	<p>Мерекелік іс-шара «1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні» Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Күрек пен тырмауыш» 3 жас Міндеті: Жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Сөздік қоры: күрек, тырмауыш. 4 жас</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Әжемнің бас орамалы» 3 жас Міндеті: Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Сөздік қоры: әже, орамал. 4 жас Міндеті: Композицияны құрастыруда дайын</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Көктемнің әсем гүлдері» 3 жас Міндеті: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Сөздік қоры: көктем, гүл. 4 жас Міндеті: Шығармашылық</p>

	Сөздік қоры: құмыра	Міндеті: Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Сөздік қоры: күрек, тырмауыш.	пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Сөздік қоры: әже, орамал.		қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Сөздік қоры: көктем, гүл.
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	3 жас 1. Абан Алтынай, 2. Жолдабек Жасмин, 3. Төлеген Ертуған, 4. Оразғали Батырхан, 5. Қожахмет Томирис 6. Тулеген Елдос 7. Нұғыман Мадияр Ойын: «Дала құстарын ата» Міндеті: құстарды атай білуге үйрету. Жабайы құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)	3 жас 1. Дмитриева Афина, 2. Сағындық Нұрболат, 3. Амантай Жасмин, 4. Гараев Алан 5. Абзал Әлімұса 6. Базарбек Алихан 7. Аталық Еркежан Ойын: «Тәулік бөліктерін ата» Міндеті: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. (математика негіздері-танымдық қызмет)	4 жас 1. Базарбекова Дария 2. Ғабиден Дінмухаммед 3. Тарғын Айдана 4. Хамитов Мансұр Ойын: «Суреттерді орналастыр» Міндеті: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)		4 жас 1. Айсина Адия, 2. Жақсылық Әлихан, 3. Касен Алиша, 4. Жолдабек Нұрислам Ойын: «Мамандықтарды ата» Міндеті: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы	«Шапалақ» ойыны. Шарты: Балалар шеңберге тұрып қолдарын созады. Тәрбиеші 3 деген кезде, барлықтары бір уақытта қолдарымен шапалақ қағуға тиісті. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	«Дайын бол!» ойыны Шарты: Балаға ойын ойнау ұсынылады. Балаға сөздер айтылып ол оны іс-қимылмен көрсету керектігі түсіндіріледі. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	Ойын: «Жапырақтар» Міндеті: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат		Суреттерді дұрыс құрастыр» ойыны Міндеті: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат
Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас Такпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппақ баласың, Қуанады анашың. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!				
№ 2 серуенге дайындық	Серуен №35. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)				
№ 2 серуен	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Көлеңке» Міндеті: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту. Сөздік қоры: көлеңке	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Айна» Міндеті: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру. Сөздік қоры: айна.	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: Күн,су,ауа» Міндеті: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Сөздік қоры: күн,су,ауа.		Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Жиіз үй» Міндеті: балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшандыққа үйрету.
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. 1-мамыр мерекеге орай ұлттық киімдері, әр-түрлі тапсырмалар туралы кеңес беру.				

Сөздік қоры: Сау болыңыз,Сау болыңыздар!

Тексерілді: 28.04.25 жасар

менсеріңгі, кеңес беріңгі

Камалова А. С

